

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы
Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 21, 7-т., 2022 ж. 23 желтоқсан

«Үздік ұжымдық шарт» республикалық байқау-конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Үздік ұжымдық шарт» республикалық байқау-конкурсы (бұдан әрі – Байқау) Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағына (бұдан әрі – Кәсіподақ) кіретін бастауыш ұйымдар арасында өткізіледі.

1.2. Осы Ереже байқауды өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттары мен тәртібін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Конкурс оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларының кәсіпорындары мен мекемелерінің еңбек ұжымдары деңгейінде әлеуметтік әріптестік жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуда ұжымдық шарттардың тиімділігін арттыру, еңбек заңнамасының нормалары мен кепілдіктерін сақтағаны үшін кәсіподақ органдары мен жұмыс берушілердің әлеуметтік жауапкершілігінің деңгейін арттыру мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- жұмыс берушілер мен кәсіподақ ұйымдарының қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық проблемаларын (түйіткілдерін) шешудегі іскерлік ынтымақтастығын дамыту;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен жұмыс берушілердің ұжымдық шарттарын дайындау, жасасу және іске асыру жөніндегі күш-жігерін жандандыру;

- еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу тетігін жетілдіру;

- әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде, еңбек өнімділігін арттыруда қызметкерлердің жауапкершілігі мен бастамасын арттыру;

- заңнамамен салыстырғанда қызметкерлерге қосымша әлеуметтік кепілдіктер беру;

- әлеуметтік-еңбек саласындағы келіспеушіліктерді реттеу, әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендету, еңбек жанжалдарының алдын алу;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында әлеуметтік әріптестіктің оң тәжірибесін көрсету және кеңінен тарату;

- еңбек ұжымдары деңгейінде еңбек, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеудің негізгі тетігі ретінде ұжымдық шарттардың рөлі мен сапасын арттыру.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. Байқауға кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының бастауыш кәсіподақ ұйымдары қатысады.

3.2. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезеңде Кәсіподақтың мүшелік ұйымы (облыс, Астана қаласы, Республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалалары) деңгейінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының үздік ұжымдық шарттары айқындалады;

- екінші кезеңде Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының (бірінші орын алған Ұжымдық шарт) ұсынуы бойынша республикалық деңгейдегі конкурстың жеңімпаздары айқындалады.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізуді облыстық және республикалық конкурстық комиссиялар жүзеге асырады.

3.3. Облыстық конкурстық комиссияның саны мен құрамын Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдары айқындайды.

3.4. Республикалық конкурстық комиссияның саны мен құрамы Кәсіподақ төрағасының өкімімен бекітіледі.

3.5. Байқау үш жылда бір рет өткізіледі:

- бірінші кезең әлеуметтік әріптестік актілері мерзімінің қолданылуының үшінші жылы – **қазан** айының **15** дейінгі мерзімде.

- екінші кезең әлеуметтік әріптестік актілері мерзімінің қолданылуының үшінші жылы – **желтоқсан** айының **15** дейінгі мерзімде.

3.6. Байқауға қатысу үшін келесі материалдар ұсынылады:

- Байқауға қатысуға бастауыш кәсіподақ ұйымының өтінім-сауалнамасы (осы Ережеге 1-қосымша);

- Ұжымдық шарттың негізгі талаптарының сипаттамасы (осы Ережеге 2-қосымша);

- Ұжымдық шарттың көшірмесі, құжаттар мен материалдардың көшірмелері.

Конкурстық комиссияға материалдар қағаз және электрондық тасығышта ұсынылады.

Ұсынылған ұжымдық шарттарды бағалау парағына сәйкес балдық жүйе бойынша конкурстық комиссия бағалайды (осы Ережеге 3-қосымша).

3.7 Ұжымдық шарттары ең көп балл жинаған бастауыш кәсіподақ ұйымдары байқаудың жеңімпаздары болып танылады.

3.8 Байқау қорытындысы конкурстық комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

3.9 Байқаудың қорытындылары мен материалдары Кәсіподақтың ресми сайтында орналастырылады www.edu-tradeunion.kz.

4. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

4.1. Байқаудың бірінші кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау тәртібін мүшелік ұйымның басшылық органдары айқындайды.

Байқаудың екінші кезеңінде ең көп ұпай жинаған төрт жеңімпаз анықталады.

4.2. Байқаудың жеңімпаздары Кәсіподақ дипломдарымен (ұпай санына сәйкес – Бас жүлде, I, II, III орындар), ақшалай сыйлықақымен марапатталады.

4.3. Ақшалай сыйлықақы Кәсіподақтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4.4. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттау салтанатты түрде әлеуметтік әріптестер өкілдерінің қатысуымен көпшілік алдында өткізіледі.

«Үздік ұжымдық шарт» республикалық
байқау-конкурсын өткізу туралы
Ережеге 1-қосымша

**Байқауға қатысу үшін
ӨТІНІМ-САУАЛНАМА**

Бастауыш кәсіподақ ұйымының толық атауы	
Аймақ (облыс/қала), салалық кәсіподаққа мүшелік	
Заңды/пошталық / электрондық мекенжайы	
Қызмет түрі	
Басшының аты-жөні	
Кәсіподақ комитеті төрағасының аты-жөні, ұялы телефон	
Жұмыс істейтіндер саны, барлығы (адам)	
Кәсіподақ мүшелерінің саны (адам)	

Байқауды өткізу туралы Ережемен таныстым және келісемін. Дәйексіз деректерді ұсынған қатысушылар байқауға қатысуға жіберілмеуі немесе оны өткізу процесіне қатысудан алынып тасталуы мүмкін екендігі туралы хабардар етіледі.

БКҰ төрағасы _____
(қолы) (аты-жөні)

«_____» _____ 20__ ж.

**«Үздік ұжымдық шарт» республикалық байқау-конкурсына ұсынылған
ұжымдық шарттың негізгі талаптарының сипаттамасы**

(бастауыш кәсіподақ ұйымының толық атауы)

№	Ұжымдық шарттың ережелері (шарттары)	Шарттардың сипаттамасы (нақты өлшемдерді, сомаларды және шарттарды көрсете отырып)
1.	Еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және өндіріс тиімділігін арттыру туралы.	
2.	Босатылған қызметкерлерді жұмыспен қамту, даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау және жұмысқа орналастыру туралы.	
3.	Даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтетін қызметкерлерге, сондай-ақ жұмысты оқытумен ұштастыратын қызметкерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы.	
4.	Қызметкерлердің тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы.	
5.	Қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін сауықтыру туралы (санаторлық-курорттық емдеу, демалыстың басқа түрлері).	
6.	Кәсіподақтың мүшелері болып табылатын қызметкерлермен еңбек шарты бұзылған кезде ұйымның кәсіптік одақ органының дәлелді пікірін есепке алу тәртібі туралы.	
7.	Кәсіподақ органдарына сайланған қызметкерлерге, сондай-ақ сайланбалы өкілдерге берілетін кепілдіктер және олардың қызметін жүзеге асыру шарттары туралы.	
8.	Қызметкерлердің және жұмыс берушінің олар келтірген залал үшін жауапкершілігі туралы.	

9.	Қызметкер зейнеткерлік жасқа толған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған жағдайда өтемақы төлемі туралы.	
10.	Қызметкерлерді Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының негіздеріне оқыту жөніндегі іс-шаралар туралы.	
11.	Жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төлеу туралы.	
12.	Тараптар айқындаған басқа да ережелер (мысалы, ШЖҚ-ға көшу кезінде демалысқа сауықтыру үшін жәрдемақыны сақтау, жұмыс берушінің жастармен жұмыс жөніндегі іс-шараларға қаражаты, еңбек жағдайларын жақсартатын және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер жасайтын қосымша жағдайлар көрсету).	
13.	Заңнамада көзделген кепілдендірілген нормалардан тыс қызметкерге берілетін 1 қызметкерге арналған әлеуметтік пакет (жеңілдіктер, қосымша төлемдер, өтемақылар), мысалы, қосымша ақылы демалыстар, қосымша төлемдер және т. б.	
14.	1 қызметкерге есептегенде кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталған қаражат бөлу.	
15.	1 қызметкерге есептегенде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға бағытталған қаражат бөлу.	

БКҰ төрағасы _____

(қолы)

(аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

**«Үздік ұжымдық шарт» республикалық байқау-конкурсының
бағалау парағы**

(бастауыш кәсіподақ ұйымының толық атауы)

№	Ұжымдық шарттың ережелері (шарттары)	Мүмкін болатын ең көп ұпай саны	Комиссия шешімі бойынша баллмен бағалау
1.	Еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және өндіріс тиімділігін арттыру туралы.	5	
2.	Босатылған қызметкерлерді жұмыспен қамту, даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау және жұмысқа орналастыру туралы.	5	
3.	Даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтетін қызметкерлерге, сондай-ақ жұмысты оқытумен ұштастыратын қызметкерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы.	5	
4.	Қызметкерлердің тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы.	5	
5.	Қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін сауықтыру туралы (санаторлық-курорттық емдеу, демалыстың басқа түрлері).	10	
6.	Кәсіподақтың мүшелері болып табылатын қызметкерлермен еңбек шарты бұзылған кезде ұйымның кәсіптік одақ органының дәлелді пікірін есепке алу тәртібі туралы.	5	
7.	Кәсіподақ органдарына сайланған қызметкерлерге, сондай-ақ сайланбалы өкілдерге берілетін кепілдіктер және олардың қызметін жүзеге асыру шарттары туралы.	5	
8.	Қызметкерлердің және жұмыс берушінің олар келтірген залал үшін жауапкершілігі туралы.	5	
9.	Қызметкер зейнеткерлік жасқа толған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған жағдайда өтемақы төлемі туралы.	5	
10.	Қызметкерлерді Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының негіздеріне оқыту жөніндегі іс-шаралар туралы.	5	
11.	Жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төлеу туралы.	5	

12.	Тараптар айқындаған басқа да ережелер (мысалы, ШЖҚ-ға көшу кезінде демалысқа сауықтыру үшін жәрдемақыны сақтау, жұмыс берушінің жастармен жұмыс жөніндегі іс-шараларға қаражаты, еңбек жағдайларын жақсартатын және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер жасайтын қосымша жағдайлар көрсету).	10	
13.	Заңнамада көзделген кепілдендірілген нормалардан тыс қызметкерге берілетін 1 қызметкерге арналған әлеуметтік пакет (жеңілдіктер, қосымша төлемдер, өтемақылар), мысалы, қосымша ақылы демалыстар, қосымша төлемдер және т. б.	15	
14.	1 қызметкерге есептегенде кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталған қаражат бөлу.	5	
15.	1 қызметкерге есептегенде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға бағытталған қаражат бөлу.	10	
Жалпы:		100	

Конкурстық комиссияның төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

«_____» _____ 20__ ж.

